

Ж.А. Жақыпов\*, Г.Т. Шаймерден

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

\*Байланыс үшін автор: zhan.zhak58@gmail.com

**Абай «Қара сөздеріндегі» синонимдердің қолданысы**

**Аңдатпа.** Мақалада Абай «Қара сөздеріндегі» синоним сөздердің қолданысы қарастырылды. Мақалада анализ, синтез, сипаттау, мәнмәтіндік, семантикалық талдау әдістері қолданылды. Абайдың қарасөздерінде көп кездесетін көркемдік, тілге шеберлік қасиеттің бірі көптеген синоним сөздерді өте шебер пайдалана білуі. Олар Абай тілінің көркемдік нәрін арттырып, стильдік бояуын айқындай түседі. Абайдың тіліндегі синонимдердің стильдік қолданысы: шығарманың экспрессивті-эмоционалды бояуын аша түсу үшін, белгілі бір ұғымды кеңейтіп, жан-жақты толықтырып айту үшін; бейнелеуіш тәсіл ретінде градиация тудыру үшін қолданылғандығы талқыланады. Мақаланың алғашқы бөлігінде Абай прозасын зерттеген ғалымдардың еңбегі басшылыққа алынады. Негізгі зерттеу бөлімінде Абайдың бірінші қарасөзінен бастап, қырық бесінші қарасөзіне дейін кездесетін синоним сөздер жинақталған. Олардың біршамасына семантикалық талдау жұмысы жүргізіліп, синонимдік қатар ретіндегі сипаты айқындалады. Сонымен қатар, «Қара сөздерінде» ұшырасқан синонимдердің басым бөлігін біріктіретін «адам» концептісі бірнеше мағыналық бөліктерге топтастырылып қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Абайдың «Қара сөздері», синонимдер, концепт, Абайдың тілі.

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-19-31

**Кіріспе**

Болмысты, ақиқатты толымды етіп бейнелеу үшін бір ғана сөздің мағыналық көлемі жет бермейді. Сондықтан жазарман/айтарман синонимия мүмкіндігіне сүйенеді. Сондай-ақ адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Оларды өз шығармаларында орынды қолдана білу – ақын-жазушылар тілінде аса маңызды, өйткені синонимдер айтылар ойдың мәнері мен мәнісін жеткізеді, оқиға жағдайын нақтылайды, демек олардың тілді білу өресін де, суреткерлік қабілет өресін де танытады.

Абайдың қара сөздеріндегі сөз байлығы, тілге шеберлік қасиеттің бірі – синоним сөздерді талғаммен пайдалана білуі. Олар Абай тілінің көркемдік нәрін арттырып, стильдік бояуын айқындай түседі. Сондықтан да қазір Абай тілін жан-жақты зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Мақаланың мақсаты – ақынның қарасөздеріндегі синонимдерді жинақтап, талдау. Абайдың «Қара сөздерінде» қолданылған синонимдердің стильдік ерекшеліктерін анықтап, оларды ортақ концепт аясына жинақтап, талдау жасау – мақаланың негізгі міндеттері болып табылады.

Синонимдер – кез келген тілдің оралымдығын, байлығын танытатын сөздік қордың бір саласы. Тіл ғылымында синонимге анықтама беруде әртүрлі пікір бар. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев: «Синоним дегеніміз – мағынасы жақын болғандықтан, белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздер» [1, 68], - десе, Ә. Болғанбаев: «Синоним дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өзіне тән не мағыналық, не стильдік, не

эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер» [2, 23] – деп тұжырымдайды. Синоним – тұлғалары әр түрлі, мағынасы жақын сөздер. Тілдердің дамып жетілуі, оның сөз байлығынан, оралымдағы синонимдердің молдығынан көрінеді [3, 88]. Сөз бен сөздің мағыналық байланысы алыс та, жақын да, тікелей де, жанама да бола береді.

Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады: 1) сөздің дыбысталуында аз да болса тұлғалық өзгешелігі болуы қажет; 2) сөздер бір ғана ұғымды білдіруі керек; 3) сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс. Бұл үш белгі – сөздерді синоним деп танудағы басты шарт. Сонымен қатар бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келуі мен контексте бірін-бірі алмастыруға икемді болғанда, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады, синонимдердің қосымша белгілерін көрсетеді. Дыбысталуы әр басқа болғанымен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді [4, 35].

Қазақ тіліндегі синоним сөздерді жан-жақты зерттеп, теориясын қалыптастырған ғалым Ә. Болғанбаев «Синоним сөздер жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Яғни бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен олар синоним болып табылады», – деп анықтама беріп, синонимдердің екі түрлі қызметін атап көрсетеді. Біріншісі, синонимдер бірін-бірі алмастыруға бейім келеді, екіншісі, синоним сөздердің бірі екіншісін нақтылап отырады [2, 104]. Ал ғалым Р. Сыздықова «Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас, мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ғылым тілімен айтсақ, әрбір ең шағын көркем контекстің экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында: мағынасы мен мағыналық реңктерінде» деген пікір білдіріп және мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тең түспейді, әрқайсысының өз қолданылу орны, контекстік ортасы болуы қажет деп санайды [5, 8].

Синонимдер бір-бірінен мағыналық реңкі жағынан және басқадай сөздермен өзара қарым-қатынасқа түсіп, қолданылуы жағынан әр алуан белгілері арқылы ажыратылады. Синонимдердің мағыналарын ажыратқанда мынадай мәселелерге көңіл аударамыз, синонимдік қатарға енген сөздер мағына жағынан бір-бірінен сәл жоғары не сәл төмен дәрежеде болуы мүмкін.

### **Зерттеу әдістері**

Мақаланың теориялық тұжырымдарын айқындауда анализ, синтез, сипаттау, мәнмәтіндік, семантикалық талдау әдістері қолданылды.

### **Мәселенің зерттелу тарихы**

Абай шығармаларының лексика-стилистикалық көркемдік қабаттары, синонимдер қолданылуы әр түрлі болып келетіндігін байқаймыз. Синоним сөздерді өте шебер қолданылып, Қара сөздерінің көркемдікнәрін арттырып, стильдік бояуын айқындайды. Ғалым Х. Сүйіншәлиев «Абайдың қарасөздері» атты кітабында: «Абайдың сөзге шеберлігінің бір ерекшелігі оның сөздерінің терең идеялы, өткір сезімді, бейнелі, суретті болып келуі. Абайда пікір қаншалықты жинақты, жүйелі келіп отырса, суреттеу әдісі де сол пікірінің тереңдігіне сай соншалық жүйелі, табиғи заңды және шебер болып отырады» [6, 141-142] – деп жазады. Абайдың тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор Р. Сыздықова: «Абайдың тілдік интуициясы (сезімталдығы) синонимдерді шебер жұмсауға жол берген. Синонимдердің стильдік, коннотативтік, үдетпелік (градациялық) қасиеттері бар десек,

оларды Абай тілінен көре аламыз. Синонимдер контексте мағыналық контраст деп аталатын кереғарлық мән тудырып, оның оқырманға тигізетін әсерін – экспрессиясын күшейту арқылы стильдік жүк арқалайды» [7, 28]– дейді. Осыған орай мақаламызда Абай Құнанбайұлының қазақ әдеби тіліне қосқан өзіндік үлесін, соның ішінде синонимдердің қолдану ерекшелігіне назар аударып, зерделемекпіз. Тілдің көркемдік қуатын, байлығын сезіне білген ақын шығармаларынан синонимдердің әр түрлі стильдік қызметін, ерекшеліктерін анықтап талдаймыз.

Абай қарасөздерінен синонимдерді жинақтау барысында ғалым Ә.Болғанбаевтың синонимдерді классификациялауын басшылыққа алдық. Ғалым синонимдердің тұлғалық жағынан айырмашылығы болуы, олардың белгілі бір сөз табына жатуы және бір грамматикалық тұлғада қолданылуы, бір қатардағы синонимдердің сөйлем ішінде бірінің орнына бірі қолданыла беретіндігі синонимдердің басты айырым белгілері екендігіне тоқталады. Сонымен қатар, синонимдерді: тұрақты, контекстік(шартты), мағыналық, стилистикалық деп жіктейді. Синонимдердің жасалу жолдарын: сөздерді ауыс мағынада қолдану арқылы (метафора, метонимия, синекдоха), жергілікті говорлар арқылы, басқа тілдерден ауысқан сөздер арқылы деп көрсетеді.

Абай шығармаларында, сонымен қатар, фразеологизмдердің синонимдік қатар жасауы, синонимдерден жасалған қос сөздерді де ұшырастыруға болады.

Зерттеуші Л. Оразғалиева «Абайдың ақын шәкірттері тіліндегі жалғастық және жаңа үрдістер» атты диссертациясында Абайдың шәкірттерінің тіліндегі синонимдердің стильдік қолданысының бірнеше түрін көрсетеді. «Олар:

- Шығарманың экспрессивті-эмоционалды бояуын аша түсу үшін;
- Белгілі бір ұғымды кеңейтіп, жан-жақты толықтырып айту үшін;
- Бейнелеуіш тәсіл ретінде градация тудыру үшін;
- Көркем мәтінде сөз таңдау, сондай-ақ сөз қайталауға ұрынбау үшін» [8, 14 б.].

Абайдың «Қара сөздерінде» синонимдер негізінен зат есім, етістік пен сын есімнен жасалған. Синонимдес сөздердің стильдік қолданысы, сол сөйлемдегі мағынасы, өзіндік ерекшелік заңдылықтарын сақтаған, бейімділігін ескерген. Зат есімді синонимдер семантикасы дерексіз зат есімдерден: ұят, намыс, ар, абырой, қайғы, жүз, қасірет, дерт, уайым т.б. жасалған. І.Кеңесбаев «Синонимдердің көпшілігі бір-біріне мағына жағынан абсолют түрде сай келе бермейді. Аздап болса да, олардың арасында семантикалық айырма болады, – дейді [3, 44 б.]. Абай сол семантикалық мәндестік пен айырманы айыра біліп, жүйелі пайдаланған. Синонимдер тұлғалық жасалуы мен лексикалық мәндестігі жағынан өте күрделі. Күрделі құрамды етістіктерден жасалған синонимдер қимылды, амалды, әрекетті, істі, күйді білдіреді.

### Талқылаулар мен нәтижелер

Абайдың қарасөздеріндегі синонимдерге ғалымдардың зерттеу жұмыстарына шолу жүргіздік. Ендігі мақаламыздың жүзелік бөліміне көшеміз. Теориялық жайттарды негізге ала отырып талдау жүргіземіз.

Абайдың «Бірінші қара сөзінде» мынадай сөйлемдер бар: *Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, айтуейір бір талай гұмырымызды өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді дер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің байлаусызын, баянсызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік* [9, 3 б.]. Абай айтайын деген ойдың экспрессиясын күшейту және градация тудыру мақсатында синонимдерді қолданып тұр. Бұл жердегі *алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық* бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып синонимдік қатар түзеді. Өмір жолындағы

өткен күресті осылайша сипаттайды. Ал **қажыдық, жалықтық** деп сол күрестен шаршағандығын, **байлаусызын, баянсызын** деп өмірдегі сол әрекеттердің маңызды емес екендігін аңғарғандығын айтады. Синонимдер арқылы беру Абай ойын оқушысына тиянақты, жинақы, анық жетуін көздеген секілді әсер қалдырады. Алғашқы екі синонимдік қатар өткен шақтағы етістік пен І жақ көпше түрдегі жалғау жалғану арқылы жасалған, ал үшінші синонимдік қатар туынды сын есім мен ІІІ жақ тәуелдік жалғауына табыс септік жалғану арқылы жасалған. *Енді қартайғанда қызығын өзің көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп...* [9, 4 б.]. **Ұры, залым, тілемсек** сөздерін контекстен тыс алып қарасақ, синонимдік қатар жасамайды. Бірақ осы қолданыста автор оларды мәндес сөздер ретінде жұмсаған.

«**Мұңдасып, шер тарқатысар** кісі болмаған соң...» [9, 4]. Шер тарқатты – қайғысын шығады, мұнын шақты [3, 313 б.]. Синонимдік қатардың алғашқысы ортақ етіс формасындағы вербалданған сөз, екіншісі фразеологиялық тіркес арқылы берілген. Олар бір грамматикалық формада түзілмесе де, семантикалық жағынан ұқсас бірліктер.

«Екінші қара сөзден» бірнеше сөйлем келтірейік: *Бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен* [9, 6 б.]. **Антұрған** сөзі І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» тұрақты тіркес ретінде қарастырылады. Мағынасы: оңбаған, жексұрын; елдің қарғысы атқан; уәде сертті бұзған деп берілген [3, 27 б.]. Айтылған анықтамадағы сөздер **жаман** сөзіне мағыналық түрде жақын болғандықтан, синонимдік қатар ретінде қарастыруға болады... *біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз* [9, 7 б.]. Осы синонимдік қатарға қатысты Р. Сыздық былай дейді: «Қазақ қоғамындағы құлдық институт өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана жойылған болатын, құлдар тәуелді шаруалар тобына қосылған-ды. Сондықтан бұл кезде құлдыққа қатысты жеке сөздер (құл, күң және олардың дублеттері) мен сөз тіркестері тілде әлі де актив қолданылғанын көреміз. Бұл дәуірде құлдар саяси право (азаттық) алғанмен, экономикалық тұрмыс жағынан ең бір тәуелді, әлеуметтік топ болып қала бергендіктен, құл, күң, құлдық сөздерінің «жалшы, есіктегі қызметші» мағынасы пайда болып, қатар жүргенге ұқсайды [10, 126 б.]. Бұл ғылыми дерек осы сөздің қолданылу аясынан ақпарат береді. Ал қазіргі осы күні құл мен күң сөзі мағынасы бір, тек жыныстық айырмашылыққа қатысты ғана ерекшеленетіні мәлім [10, 156 б.]. *Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?* [9, 7 б.]. Сөз лексемасының сипатын ашуда және бастапқыдағы ойды нұсауда, бұл үш сөз тек осы контекст негізінде синонимдік қатар түзіп тұр деп айтуға болады.

«Үшінші қара сөз» мәтінде де синонимдерге едәуір орын берілген. *Әрбір мақтаншақ кісі – қорқақ, ақылсыз, надан келеді.* [9, 8 б.]. Бұл синонимнің сөз бір-бірінен стильдік жағынан, экспрессивтілігі жағынан айырмасы бар, – негізінен, мағынасы жуық сөздер.

*Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық*» [9, 9 б.]. Айрықшаланған сөздер тек осы контексте ғана синоним болып тұр. Бөлек алғанда әрқайсысының мағынасы әртүрлі. *Жауласу* мен *дауласу* сөзі төл түбірден жасалған, ал *партия* сөзі – кірме сөз. Соңғы лексеманың ол замандағы сипаты: «партия – сол ел билеудің жаңа тәртібінің нәтижесінде етек алған жаңа қарым-қатынастың аты. Бұл сөз Абай тұсында осы күнгі саяси ұйымның атауы мағынасында емес, одан тар мәнде қолданылған. Яғни бұл сөз қазақ лексикасында алғашқы пайда болған кезінде «бір-бірімен әкімшілікке таласқан қазақ феодалдарының өзіне жақтастардан жиған тобы» деген мағынаны білдірген» [10, 112 б.]. Бұл қатардың үш сыңарын да мағыналық тұрғыдан жақындатып тұрған, ең алдымен, экстралингвистикалық контекст, онан кейінгісі грамматикалық формаларының бірдейлігі: үшеуі дежіктік жалғаудың 3-жақ көпше түрінде берілген. Келесі сөйлем: «...күшім жетімді болсын деп, **қызметке, болыстық, билікке** таластық» [9, 9 б.]. Мұнда да контекстік синонимдер қарастырылған. **Билік** сөзінің мағынасы «Абай тілі сөздігінде» «үкім айтушылық, би болушылық» [11, 113 б.] деп берілген. Ал **болыс** – революциядан бұрынғы әкімшілік

ауданның (бөліктің) бастығы [11, 123 б.]. Яғни сол болыс сөзінен -тық аффиксі арқылы әкімшіліктің осы буынының жинақтаушы, абстрактілі атауы пайда болған. **Қызмет** атауына келер болсақ, бұл сөздің жеке адамдардың арасындағы қарым-қатынасын білдіретін тар мағынадан адамдар мен үкімет арасындағы қарым-қатынасты белгілеуге көшуі – Абайда (және ішінара өзгелерде) кейбір сөздерді көп мағыналы ету фактісінен туған. Демек бұл үш сөзді синонимдік қатар деп айтуға толықтай негіз бар.

Осы қарасөзіндегі басқа да мағыналық синонимдер кездесетін сөйлемдерден үзінділер: «... өтірік **«шапты, талады»** деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп...», «...**қулық, арамдықпен** болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіңдей **арам, қуларды** қадірлейді...», «...назначение қылғанда **тергеуі, сұрауы** барлығына қарамаса..» [9, 10-11 б.]. Сұрау сөзтіліміздің нормасы бойынша біреуден бір нәрсе жайын білу үшін сұрау және біреуден бір нәрсені (затты, бұйымды) сұрап алу тәрізді мағыналарда ғана жұмсалса, Абай бұл сөзге үшінші жаңа қызмет үстейді. Ол – заң-сот ісіне қатысты үдерістің атауын білдіру. Орынға сайланып қойылған жаңа билер немесе орыс империясының судьялары енді жауапкерлердің ақ-қарасын білу үшін тексеру жұмысын жүргізетін болады. Оны дауітерден де, жауапкерден де, куәлардан да іс-қылмыс жайын сұрап білу арқылы орындайтын болады. Осыдан сұрау етістігі юристік акт атауына айналып, жаңа сөз қатарына енеді. Сірә, Абай тұсындағы халық тілінде бұл ұғымда тергеу сөзі жиірек қолданылған болу керек. Ал Абай, кейде екеуін де қатар келтіріп, **сұрау** сөзін тергеудің дублеті ретінде пайдаланады.

«Төртінші қара сөзден»: «...есің өмірді **ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп** өткізеді...» [9, 14 б.]. Бұл сөздермен басыңқы сыңарына басқа сөз қойып тіркес құраса, мүлде өзгеше мағына беруі мүмкін, бірақ дәл өмірге қатысты мағынада **өткізді** сөзімен тіркескенде үшеуі де жуық мағынаны береді.

«Бесінші қарасөзден»: «...осындай сөздері **көп, ессіз** толып жатыр» [9, 16 б.]. «Алтыншы сөзден»: «...**Не түсін, не ажарын**, не өкпесін бұлдап...» [9, 18 б.]. Осы екі қара сөзінде тек осы жоғарыда берілген синонимдер ғана қолданылған екен. Екеуі де семантикалық талдауды қажет етпейді, өйткені контекстен тыс та синонимдік қатар түзе алатын тілдік бірліктер.

«Жетінші қара сөзден»: «Сол **қуат жетпеген, ми толмаған, ессіз** бала күндегі...» [9, 21 б.]. «Сегізінші қара сөзден»: «Олардың **ақыл үйренейін, насихат тыңдайын** деген ойы болса...», «...өзіміз біреуге **үлгі беріп, ақыл айтармыз** деп сайланды». [9, 23 б.]. Бұл сөйлемдерде сөз тіркесі ретінде соның ішінде еркін тіркес ретінде қиыса байланысқан синонимдік қатарларды аңғарамыз. Контекстік мағынасы жақын болғандықтан синонимдік қатар ретінде қарастыруға толықтай негіз бар. Сегізінші сөзінде қос сөз түрінде жасалған синонимдік қатар да кездеседі: «...Енді **ұры-залым, сұм-сұрқия** өзі де тыңдамайды» [9, 24 б.].

«Тоғызыншы қара сөзден»: «Егер жек көрсем, **мәжілістес, сырлас, кеңестес** болмасам керек еді [9, 25 б.]. Мұндағы сыртқы формасындасында көрініс тауып тұрған «-тас, -лас, -тес» грамматикалық тұлғалары бұл сөздердің синонимдік қатар түзуіне себепкер болып тұр. Сол жұрнақтар арқылы ғана мағына жақындығы айқындалады. Осы қарасөзінде тағы мынандай сөйлем бар: «...бұларды **жөнделер, үйренер** деген үмітім де жоқ» [9, 25 б.]. Мұнда да синоним ретіндегі басты қызметті болжалды келер шақ түріндегі есімшенің «-ер» жұрнағы атқарып тұр.

«**Бейнет, күйігі, ызасы** – сол үшеуінен басқа еш нәрсе бойында қалмайды». Бірыңғай зат есімнен жасалған синонимдік қатар берілсе [9, 30 б.], «Он бірінші сөзінде»: «Осы **ұры, бұзақ** жоғалса жұртқа да ой түсер» сөйлемінде бірыңғай заттанған сын есімнен жасалған синонимдік қатар берілген. Және осы қарасөзінде «...**анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір** тоқтаусыз кеткені ме?» [9, 32 б.]. делінген. Мұнда алғашқы екі сөз өзара бір-бірімен синоним түссе, екінші берілген синонимдік жұп тек осы контекст негізінде ғана

мәндес сөз бола алады. Өйткені ұят сөзінің Абай тілінде ауқымы өте кең. *Адалдық* соның бір құрамдас бөлігі ғана.

«Жиырма бесінші қара сөзінен»: *Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр* [9, 59 б.]. Бұл сөздер тобы осы контекстте синонимдік қатар түзіп тұр. Оны дәлеледеу үшін әрқайсысының семантикалық сипатын аша түссек. Алғашқы сөз – *хикмет*. Бұл сөздің араб тілінде үш түрлі мағынасы бар: 1) мудрость; 2) мудрое изречение, пословица; 3) знание медицины, врачевание. Бұл сөзді Абай бірінші мағынасын сақтап, өте жиі қолданған. Абайда *хикмет* контексте қарай түп тілдегідей «ақыл, даналық» дегенді білдіреді [10, 135 б.]. Екінші, *мал* сөзі тура мағынадағы жануар мағынасында емес, ол заманның материалдық байлығы малмен өлшенгендіктен, *мал* сөзі Абай шығармаларында дүние, байлық мағынасында жұмсалады. Ал өнер сөзін «кәсіп, іс-әрекет, қызмет, еңбек ету» мағынасында жұмсаған. Ғылым сөзінің лексикасына жоғарыда тоқталған болатынбыз. Демек бұл төрт сөзде дүниеге керектінің «бәрі» деген ортақ сема жүйесінде синонимдік қатар жасайды.

Абайдың «Қара сөздерінде» синонимдік қатар кірме сөздер тарапынан да толығып отырады. Кірме сөздер негізінен араб-парсы және орыс тілінен енген. Төлтума сөздер араб-парсы тілінен енген сөздермен синонимдік қатар жасайды. Мысалы, Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде: «... Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де *жүрекке* билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. ...Үшеуің ала болсаң мен *жүректі* жақтадым. Құдайшылық сонда, *қалпыңды* таза сақта, құдай тағала *қалпыңа* әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы депті». Осы тұстағы *жүрек* пен *қалпы* сөзі бір-біріне синоним болап келеді. *Жүрек* сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтамалар беріледі: «1. Бойға жүргізуші басты орган; 2. Ауысп. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі», ал «қалпы» сөзіне «өтірік, жалған, теріс» деген анықтама береді. Алайда, 1948 жылы басылған жинақта «калып (арапша) – жүрек» деген түсініктеме берген екен. Айтылуы тиіс бір мәселе араб тіліндегі «қалб» сөзін Құранда «фуад» лексемасы алмастырады. Құраннан мысалдар келтіреді: «әл-қалб әл-ғафилә (қаперсіз жүрек)», «әл-қалб әл-қасий (қатайған жүрек)», т.б. [10, 163 б.]. Арабша-қазақша сөздіктерден бұл сөз «жүрек» мағынасы табылмады. Соған қарамастан, *жүрек* пен *қалпы* сөздерінің түпкі мәнінде синонимдік сипат жатыр деген қорытындыға келуге болады.

«Отыз жетінші» сөзде «*Тоқ тіленші – адам сайтаны, Харекетсіз – сопы монтаны*» [9, 94 б.] деген жолдар бар. Осы жердегі «монтаны» сөзіне сөздіктерде әртүрлі анықтамалар беріледі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «монтаны – жүзі сынық, жымпиған». «Абай тілі сөздігінде»: «монтаны - зымиян, залым» деп анықтама береді. Барлық сөздіктерде бұл сөзге жағымсыз адам бойындағы әрекетті танытады. Абай шығармаларында «*қу, сұм*» сөздері жиі қолданылса, *монтаны* сөзі бір рет қана қолданылған екен. Абай бұл сөзді «сайтаны» сөзіне ұйқас тудыру мақсатында қолданған болуы керек. Алайда «Абай сөздігінде» байқалмаған бір жайт бар: монтаны мен сопы сөздерінің арасында синонимияға тән қатынас бар, сондықтан түсіндірме сөздіктегі «жүзі сынық, жымпиған» деген мағына сопы сөзінің семантикалық мазмұнында да бар екенін байқаймыз. Бұл сөйлемде *харекетсіз, сопы, монтаны* сөздері *тоқ тіленші* бастаушының бірыңғай есім баяндауыштары екені көрініп тұр.

Абай лексикасындағы араб-парсы сөздерін сөз еткенде және бір көзге түсетін фактіні айтуға тура келеді. Ол – синонимдік мәнді қос сөз жасау мәселесі. Абайда да, өзгелерде де араб-парсы сөздері өзімен мағыналас қазақ сөзімен, кейде араб я парсы тіліне тән тұлғалар бір-бірімен қатар келіп, плеонастық қос сөздер жасайды. Мысалы, Абайда: *күш-қуат, әл-қуат, гиззат-құрмет, абұйыр-ар, ар-абұйыр, өң-шырай* т.б. Мағыналас сөздерді қосарлау – сөз мағынасын түсіндірудің бір әдісі. Абай лексикасындағы күш-қуат, әл-қуат, ынсап-ұят, ар-намыс, сейіл-серуен, гүл-бәйшешек, әуре-сарсаң, жер-жиһан т.б. тәрізді қос сөздердің бір сыңары араб элементі екендігіне қарап, оларды Абай тұсында енген дей алмаймыз. Оларды

Абай жалпыхалықтық қолданыстан алған. Сонымен қатар Абайда дос-жар, ар-абұйыр, сәлем-сауқат сияқты екі компонент де өзге тілдік қос сөздер де бар. Олар да – бұрыннан қалыптасқандар. Тегі, бұл іспеттес *ғиззат-құрмет, дос-асық тәрізді бірен-саран ғана* болмаса, Абайда араб-парсы сөздерінен өзі жасаған жаңа қос сөздер өте сирек [10, 156 б.].

Жоғарыда практикалық бөлімде Абайдың он үшінші қарасөзіне дейінгі синонимдік қолданыстарды жан-жақты мағынасын ашып талдауға талпындық. Мәселенің мәнісі белгілі болған соң және Абай «Қара сөздеріндегі» синонимдерді түгендеу мақсатымен мұнан ары кесте түрінде көрсету тиімді деп санаймыз (1-кесте):

## 1-кесте

Қара сөздерінің реттік саны	Тілдік бірлік (синонимдік қолданыс)
Он үшінші сөз	«...жіберген жарлығына, білдіргеніне <i>мойынсұныт, инанмақ</i> » «иманы бар деуге беріктігі жоқ, <i>я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға</i> қарап...»
Он төртінші сөз	«...Біздің қазақтың <i>жүректі</i> кісі дегені – <i>батыр</i> дегені» «...Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп...» «мойындамау – <i>ерлік, батырлық</i> осы болмаса...» «... ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе <i>жігер, қайрат, байлаулылықтың</i> жоқтығынан азады.» «Осы жұрттың көбінің айтып жүрген <i>мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт</i> деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі»
Он бесінші сөз	«Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір <i>баянсыз, бағасыз</i> нәрсеге <i>қызығып, құмар</i> болып, өмірінің <i>қызықты, қымбатты</i> шағын итқорлықпен өткізіп алады...»
Он жетінші сөз	«...әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек...» «...Дүниеге лайықты <i>өнер, мал</i> тауып, <i>абұйыр мансапты</i> еңбексіз табуға болмайды. <i>Орынсыз, болымсыз</i> нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, <i>күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан</i> құтқаратұғын...» «... <i>Жұмсақ төсекте, жылы үйде</i> тамағы тоқ жатқан кісіге <i>төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың</i> күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп <i>ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшіте тұғын</i> – мен» «...жақсылыққа <i>елжіреп, еритұғын</i> – мен...». «...Бірақ сонда <i>билеуші, әмірші</i> жүрек болса жарайды...»
Он сегізінші сөз	«Адам баласына <i>жыртықсыз, кірсіз</i> , сыпайы киініп...» 46. «... <i>Кербез</i> дегенді осындай <i>кер, кердең</i> немеден безіңдер деген сөзге ұқсатамын»
Он тоғызыншы сөз	«...Мұндай сөзді есіткенде <i>шайқақтап, шалықтанып</i> не <i>салбырап, салғырттанып</i> есітсе...»
Жиырма бірінші сөз	«...Яғни, <i>надан</i> атанбастығын, <i>жеңіл</i> атанбастығын, <i>мақтаншақ</i> атанбастығын, <i>әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ,</i>

	<p><i>өсекиі, өтірікиі, алдамшы, кеселді</i> - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып»                  «...Бұл мінез – <i>ақылдылардың, арлылардың, артықтардың</i> мінезі».</p>
Жиырма екінші сөз	<p>«...Есті кісіні тауып құрметтейін десең, <i>әділет, ұят, нысанқа</i> есті кісі елде жоқ. <i>қулық, сұмдық, арамдық, амалға</i> елдің бәрі де есті »                  «...Енді қалды <i>қу мен сұм</i>, олар өзі <i>де қуартпай, суалтпай</i> тыныштық көрер емес»                  «...<i>ұры, залым, қуларға</i> жеміт болып жүрген...»</p>
Жиырма төртінші сөз	<p>«...қазақ ортасында да <i>ұрлық, өтірік, өсек, қастық</i> қалып, <i>өнерді, малды түзден, бөтен жақтан</i> түзу жолмен іздеп...»</p>
Жиырма бесінші сөзі	<p>«...Соның бәрін де біле тұра, <i>жерге кіргендей</i> болып я бір <i>арамдығы, жамандығы шыққандай</i> несіне ұялып, қорланады екен?»                  «...Мұның бәрі - <i>надандық, ақымақтықтың</i> әсері».</p>
Жиырма жетінші сөз	<p>«...<i>Желден, ұшқыннан</i> қаға берсін болуы үшін кірпік беріпті»                  «...Құлақ болмаса, <i>не қаңғыр, не дүңгір, жақсы үн, күй, ән...</i>»                  «...бұларының бәрі <i>жұрт болсын, өссін, өнсін</i> үшін...»                  «...hәм өзге хайуандарды <i>құлданарлық, пайдасын көрерлік</i> лайығы бар»                  «...Қай өгіз шаһар жасап, <i>құрал жасап</i>, неше түрлі <i>сайман жасап</i>»</p>
Жиырма сегізінші сөз	<p>«...біз құдай тағаланы <i>айыбы жоқ, міні жоқ</i>, өзі әділ деп иман келтіріп едік »</p>
Жиырма тоғызыншы сөз	<p>«...<i>Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен</i> мал іздемек - ол арлы адамның ісі»                  «...<i>Сұрауын табамын, қалауын табамын</i> деп жүріп...»                  «...михнаттанып <i>мал жиса да, дүниелік жиса да</i>, артымда балаларыма қалсын дейді»</p>
Отызыншы сөз	<p>«...Ол <i>ар, есті</i> білмейді, <i>намысты</i> білмейді»</p>
Отыз бірінші сөз	<p>«...әуелі - көкірегі <i>байлаулы берік</i> болмақ керек»                  «...я көргенде <i>зибрәтлану</i> керек, <i>көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу</i> керек»</p>
Отыз екінші сөз	<p>«...аның үшін <i>білім-ғылымның</i> өзіне ғана <i>құмар, ынтық</i> болып...»                  «...әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір <i>рахат хұзур хасил</i> болады...»                  «...Соның ішінде <i>уайымсыз, салғырттық</i> деген бір нәрсе бар»</p>
Отыз үшінші сөз	<p>«...«маған мал жоқ па?» дегендей қылып, <i>еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке</i> салынады...»                  «...артынан <i>үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын</i> дегенге мәз болып, <i>тамырым, досым</i> десе, мен де керектінің бірі болып қалыпшын ғой деп...»</p>
Отыз төртінші сөз	<p>«...Оларды <i>мұсылман деп</i>, қалайша <i>иманы бар ғой</i> дейміз?»</p>



	«...біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?»
Отыз алтыншы сөз	«...надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған...» «...бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзінді қысып, қызартып кетеді» «...Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің»
Отыз жетінші сөз	«...Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте»
Отыз сегізінші сөз	«...Себебі Алла тағала өзі - хақиқат, растықтың жолы. Қиянат - хақиқат пен растықтың дұшпаны.» «...Ол алтауының бірі - хаят, яғни тірлік» «...айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиг, яғни көруші, есітуші деген» «...ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ» «...Ынсап, ұят - бұл ғадаләттен шығады» «...аның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да». «...Бірақ бұл жол - бек шетін, бек нәзік жол...» «...ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан, уа айтқан істері» «...Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген инсап» «...Үшіншісі - қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек» «...оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз»
Отыз тоғызыншы сөз	«...ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен» «...Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен»
Қырқыншы сөз	: «...іші елжіреп, жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?» «...сол барған, көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?» «...топырақты өлімде, адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?» «...Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі? Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтұғыны қалай?»
Қырық бірінші сөз	«...Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек..» «...аталары қартайып, сөзден қалғанда түзелсе болар еді» «...Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гүілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма - сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды...»

Қырық екінші сөз	: «...болмаса <i>сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен</i> адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, <i>пайдасыз, жұмыссыз</i> қаңғырып жүруге құмар» «...оның <i>ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына</i> шыдайды» «... <i>Желөкпелеу, мақтаншақ</i> байларды: «сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын» деп
Қырық үшінші сөз	: «... <i>Иисем, жесем</i> демектің басы...» «...Ескеріп баққан адам <i>үлкейтін, ұлғайтып</i> , ол қуаттардың қуатын <i>зорайтады</i> » «...адам ұғылы <i>хайуан болды, адамишылықтан шықты.</i> » «...Оның да неше түрлі <i>кеселі, кесенаты</i> бар нәрселерін білмесең...» «...әрбір <i>маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып</i> жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады» «...әйтеуір жолда көрген <i>есті, ақылы дұрыс</i> адамдар...»
Қырық төртінші сөз	«...бірінен бірі <i>өнерлі, тұрлаулырақ</i> келеді» «...осы өзіменен <i>серіктес, сырлас</i> осылар «бәрекелді» дер дейді»
Қырық бесінші сөз	«...бәрі де ғадаләт, махаббат құдайға лайықты дегендігі» «... <i>Инандым, сендім</i> демек <i>инандырамын, сендіремін</i> деген емес» «...Бұл <i>ғадаләт, махаббат</i> сезім кімде көбірек болса, ол кісі - <i>ғалым, сол – ғақил</i> » «... <i>жаралып, жасалып</i> қойған нәрселерді сезбекпіз...»

Кестеде келтірілген синонимдік қолданыстардан байқағанымыздай олардың ішінде мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да әртүрлі тілдік бірліктер қолданылған. Бірінің сыңары тұтас сөз тіркес күйінде келсе, бірі жай сөз, енді бірі фразеологизм ретінде берілген. Бұдан шығатын қорытынды – Абай «Қара сөздеріндегі» синонимдік қатарлар құрамы, құрылысы, мағынасы жағынан әртекті болып келетіндігінің айғағы.

Абай «Қара сөздеріндегі» синонимдердің қолданылуына мұқият зер салсақ, осы сөздердің эпицентрінде «адам» концептісі жатады. Абай «адам» деген ұғымды, оған тән қасиеттерді, іс-әрекеттерді синоним сөздермен ашып, таратып танытады.

1. **Адамның көңіл күйін:** жабырқаңқы күй (*қайғы, мұң, қасірет, өкініш, күйініші, ашу, ыза, кек, қорлық, бейнет, күйігі, т.б.*), көтеріңкі күй (*күлкі, қуаныш, қызық, мәз болу, т.б.*).

2. **Адамның мінезін:** теріс (*қияңқы, алдамшы, мазат, тентек, қу, сұм, сұғанақ, залым, сұм-сұрқия, кеселді, жалқау, қылжақбас, ұялмас, амалшы, арам, қу, жеңіл, мақтаншақ, надан, арсыз, әдепсіз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамсақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді, т.б.*).

3. **Адамның бойындағы қасиеттер:** жағымды (*рақымдылық, мейірімділік, мейірбандық, бауырмалдық, адамишылық, ынтық, құмарлық, жүректілік, батырлық, айтқанға тұрғыштық, әдептілік, байлаулылық, жалғаннан аулақтық*), жағымсыз (*арамдық, залымдық, айуандық, надандық, қулық, арамдық, т.б.*)

4. **Адамның іс-әрекетін:** дұрыс (*мұңдасып, шер тарқатысар кісі; ақыл үйренейін, насихат тыңдайын; үлгі беріп, ақыл айту, мәжілістес, сырлас, кеңестес болу; жөнделер, үйрене;, мойынсұну, инану, нану, сену*); теріс қылығы (*шапты, талады; ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізу; қуат жетпеген, ми толмаған, т.б.*).

Сонымен қатар, «Адам» концептісі аясында «жігіт» микроконцептісі де көрініс табады. Жігіттің түрін айыруда – мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт, тәуір жігіт деп жақсы жігітті көрсетеді.

## Қорытынды

Абай тілінің көркемдігі, оның тіл байлығы автордың синонимдік қолданыстарынан айқын білінеді. Абайдың «Қара сөздерінде» синонимдер қос сөздерден (*күш-қуат, ал-қуат, гизат-құрмет, ар-абұйыр, өң-шырай, ұры-залым, сұм-сұрқия*), басқа тілден енген сөздерден (*жүрек, қалпы; мойынсұну, нану, сену, инану; хақиқат, растық*), диалект сөздерден (*монтаны, қу*), тұрақты тіркестерден (*сұрауын табамын, қалауын табамын; маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып; ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырау; нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан; кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай*) жасалғандығын аңғаруға болады. Сонымен қатар, синонимдердің бір сөйлемде қатар қолданып сөздің стильдік бояуын арттырып тұрған тұстарын да қарасөздерден жиі ұшырастырамыз. «Қара сөздерінде» ұшырасқан синонимдердің басым бөлігін біріктіретін ортақ концепт «адам» екендігін тани аламыз.

## Пайдаланған әдебиеттер

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, 1962. – 315 б.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы, 1975. – 307 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 145 б.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 206 б.
6. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қара сөздері. – Алматы, 1956. – 150 б.
7. Сыздықова Р. Абай прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі // Қазақ тілі тарихынан зерттеулер. – Алматы, 1965. – 123 б.
8. Оразғалиева Л. М. Абайдың ақын шәкірттері тіліндегі жалғастық пен жаңа дәстүр. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 33 б.
9. Абай Құнанбаев. Қара сөз. – Алматы, 2011. – 184 б.
10. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. – Алматы, 2014. – 383 б.
11. Абай тілі сөздігі / Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі; Ғылым комитеті; А. Байтұрсынұлы Тіл білімі институты. – Алматы, 2011. – 614 б.

Ж.А. Жақыпов, Г.Т. Шаймерден

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

## Использование синонимов в «Словах назидания» Абая

**Аннотация.** В статье рассматривается использование синонимических слов в «Словах назидания» Абая. В статье используются методы анализа, синтеза, описания, контекстного, семантического анализа. Одним из качеств художественного, языкового мастерства, часто встречающихся в прозе Абая, является умение очень умело использовать многие синонимические слова. Они подчеркивают художественную насыщенность и стилевую окраску языка Абая. Стилистическое использование синонимов в языке Абая: раскрыть выразительно-эмоциональную окраску произведения, расширить и дополнить определенную концепцию; используется для создания градации как визуальный метод. В первой части статьи руководствуются заслугами ученых, изучавших прозу Абая. В основной

исследовательской части собрания синонимические слова, встречающиеся от первого слова до сорока пяти слов назидания. Проводится семантический анализ нескольких из них, определяется их характер как синонимического ряда. Кроме того, концепт «человек», объединяющий большую часть синонимов, встречающихся в «Словах назидания», рассматривается, сгруппированный в несколько смысловых частей.

**Ключевые слова:** «Слова назидания» Абая, синонимы, концепт, язык Абая.

**Zh.A. Zhakupov, G.T. Shaimerden**

*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **The use of synonyms in Abai's "Words of wisdom"**

**Abstract.** This article discusses the use of synonyms in Abai's "Words of wisdom". The article uses methods of analysis, synthesis, description, contextual, semantic analysis. One of the most common artistic and linguistic qualities in Abai's retorts is his ability to use many synonyms very skillfully. They enhance the artistic essence of the Abai's language and reveal its stylistic color. Stylistic use of synonyms in Abai's language: to reveal the expressive-emotional color of the work, to expand and supplement a certain concept; is used to generate gradation as a visual method. The first part of the article is guided by the work of scholars who studied Abay's prose. The main research section contains synonyms that can be found from the first word of Abai to the forty-fifth word of Abai. A semantic analysis of one of them is carried out, the nature of which as a synonym series is determined. In addition, the concept of "Man", which combines most of the synonyms encountered in the "Words of wisdom", is considered to be grouped into several semantic parts.

**Keywords:** Abai's "Words of wisdom", synonyms, concept, language of Abai.

### **References**

1. Kenesbayev I., Musabayev G. Kazyrgi Kazakh tili. Leksika. Phonetica. [Modern Kazakh language. Vocabulary. Phonetics]. Almaty, 1962. - 315 P.
2. Bolganbayev A. Kazakh tilinin synonymder sozdigi [Dictionary of synonyms of the Kazakh language]. Almaty, 1975. - 307 P.
3. Kenesbayev I. Phraseological Kazakh tilinin frazeologialyk sozdigi [Dictionary of the Kazakh language]. Almaty, 1977. - 711 P.
4. Bolganbayev A. Kazakh tilinin lexicologyasy [Lexicology of the Kazakh language]. - Almaty: Shkola publ., 1988. - 145 P.
5. Syzdykova R. Abaidyn soz ornegi [Expression of Abay's words]. Almaty, 1995. - 206 P.
6. Suyunshaliyev Kh. Zh. Abaidyn kara sozderi [Words of edification of Abai]. Almaty, 1956. - 150 P.
7. Syzdykova R. Abai prozalyk shygarmalarynda kurdeli oidyn berilui [Transmission of complex thought in the prose works of Abay] // research on the history of the Kazakh language. Almaty, 1965. - 123 P.
8. Orazgalieva L. M. Abaidyn akyn shakirtteri tilindegi zhalgastyk pen zhana dastur [Continuity and new traditions in the language of Abay's students]. Dissertation for the degree of candidate of philological Sciences. - Almaty, 2007. - 33 p.
9. Abay Kunanbayev. Kara sozderi [Word of wisdom]. - Almaty, 2011. - 184 P.
10. Syzdykova R. Abai shygarmalarynyn tili [Language of Abay's works. Vocabulary and grammar]. - Almaty, 2014. - 383 P.

11. Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abai language]; Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan ; Committee of Science; A. Baitursynuly Institute of Linguistics. - Almaty, 2011. - 614 P.

#### **Авторлар туралы мәліметтер**

**Жақыпов Жантас Алтайұлы** - ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Шаймерден Гүлбақыт Тәңірбергенқызы**– докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Zhakupov Zhantas Altayevich** - Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Shaimerden Gulbakyt Tanirbergenovna** - doctoral student, LN Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.